

"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 3 шілдедегі № 412 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 149 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 04.04.2025 № 149 бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген) бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" функционалдық тобында:

1 "Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар" функционалдық кіші тобында:

693 "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

001 "Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 106 кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"106 Парламенттің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру";

9 "Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер" функционалдық кіші тобында:

608 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

001 "Мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 111 кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"111 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің күрделі шығыстары";

652 "Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

001 "Су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

мынадай мазмұндағы 106 кіші бағдарламамен толықтырылсын:

"106 Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдардың күрделі шығыстары".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне орналастыру және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

М. Такнев